




***Шетел филологиясы, лингводидактика
және аударма ісінің өзекті мәселелері***

**VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
семинардың жинағы**



Нұр-Сұлтан - 2020

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
III 50

Бас редакторы – филология ғылымдарының докторы, профессор
А.Е. Бижкенова

Редакторлық алқасы:

Филология ғылымдарының докторы, профессор К.К. Дуйсекова
Педагогикалық ғылымдарының докторы, профессор К.Н. Булатбаева
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Г.К. Кенжетаева
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Н.З. Жуманбекова
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. М.Л. Анафинова

Техникалық редакторы - Смагулова М.Г.

III 50 Шетел филологиясы, лингводидактика және аударма ісінің өзекті мәселелері. VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинардың жинағы. – Нұр-Сұлтан: «Мастер По» ЖШС, 2020. – 141 б.

ISBN 978-601-326-420-2

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің филология факультеті шетел филологиясы кафедрасында жылына бір рет ашық түрде өтетін VIII ғылыми-тәжірибелік семинарының жинағына қатысушылардың ізденіс жұмыстары кіргізілген. Шетел филологиясы, шет тілдерін оқыту, және қазіргі таңдағы аударма мәселелеріне арналған ғылыми жазбалар енді.

Мәтіндер мағынасы мен стилистикасы авторлардың жауапкершілігінде.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

ISBN 978-601-326-420-2

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020

ҚҰТТЫҚТАУ

2020 жылдың 5 сәуірінде Филология ғылымдарының кандидаты, Шетел филологиясы кафедрасының профессоры Гүлнәр Құсайынқызы Сәрсикеева 70 жасқа толды.

Гүлнәр Құсайынқызы, С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогикалық институтының шет тілдер факультетінің түлегі, өзін туған *Alma mater* қабырғасында педагогикалық қызметіне арнады. Ұзақ жылдар бойы француз тілі кафедрасының, кейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің роман-герман тілдері кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Г.К. Сәрсикеева кандидаттық диссертациясын қорғап, тіл білімі доценті ғылыми атағын алды. Ал 2017 жылы ол Париж қаласындағы университетте аударма саласындағы философия докторы ғылыми дәрежесіне диссертация қорғап, Францияның PhD дипломын алды.

Гүлнәр Құсайынқызы білім беру қызметімен қатар, аудармамен айналысты және француз тілінің тәжірибелі аудармашысы болып танылды. Ол француз аудармашыларымен қосылып Францияда қазақ жазушысы, ақын және ағартушы Абай Құнанбаевтың "Қара сөздерін" аударып жарыққа шығарды. Сонымен қатар басқа да қазақ шығармалары, оның ішінде қазақ ертегілері Г.Қ. Сәрсикееваның аудармасымен француз тілінде жарық көрді.


Г.Қ. Сәрсикеева бүгін де Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті Шетел филологиясы кафедрасында белсенді жұмыс атқарып келеді.

Г.Қ. Сәрсикеева филология факультетінің еңбегі сіңген оқы-тушылар қатарына кіреді.

Факультет пен кафедра ұжымы Гүлнәр Құсайынқызы Сәрсикееваны мерейтойымен құттықтап, одан әрі шығармашылық табыс тілейді!

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Филология факультеті мен
Шетел филологиясы кафедрасының ұжымы

30 сәуір, 2020 ж.,
Нұр-Сұлтан қаласы





САРСИКЕЕВА ГҮЛНАР ҚҰСАЙЕНҚЫЗЫ
(туған жылы 05.04.1950)

КСРО ЖАК филология ғылымдарының кандидаты, доценті, Париж Нантер университетінің философия докторы, /PhD/, мамандығы: "Sciences du Langage",
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Шетел филологиясы кафедрасының профессоры,
Академиялық Пальма Орденінің Шевальесі (Франция, 2010)
Қазақстан мен Францияның арасындағы мәдени қарым-қатынастарының дамуына
қосқан үлесі үшін

Еңбек қызметі туралы мәліметтер

Білім. Кәсіби қызмет

1970 ж. - Сәкен Сейфуллин атындағы Целиноград мемлекеттік педагогикалық институты түлегі ;

1979-1989 ж. - ЦМПИ француз тілі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент;

1989-2001 ж. - Алматы қ.: Қазақ Мемлекеттік Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің француз филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., доценті және қосымша қызмет істеушілік - "КАТКО-AREVA" қазақ-француз компаниясының аға аудармашысы» Қазақстанның оңтүстік және батыс облыстарында;

2001-2008 ж. - ЕҰУ роман-герман тілдері кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доценті;

2008 ж. - ЕҰУ Филология факультетінің Шетел филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., доценті;

2018 ж. - қазіргі таңда, Нұр-Сұлтан қаласындағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде Филология факультетінің Шетел филологиясы кафедрасының PhD, профессоры.

Ғылыми және аударма қызметі

Ғылыми бағыттары: Француз филологиясы, Абайтану, Аударматаным.

Шетел филология кафедрасында теориялық және практикалық сабақтарын жүргізу, маг жұмысына қатысу. Магистранттар мен докторанттардың диссертацияларының ғылыми басшылығын іске асыру.

2002-2004 ж., 2018ж - «Опера мен Балет театры», кейіннен-Астана-Опера» Мемлекеттік Опера Театрында француз дирижерлері мен балетмейстерлерінің балет, спектакль және опера қойылымындарының француз тілінің аудармашысы;

2008-2017 ж. - халықаралық жобалардың мүшесі (Испания, Германия және Франция (с): "EUROPHRAS. European Society of Phraseology. "Еуропада және одан тыс жерлердегі кең таралған идиомалардың полилингвалды сөздігі". 2012 ж. 1 томы мен 07.10. 2014 ж. 2 томы 07.10. әлемге әйгілі "Peter Lang Publishing Group" баспасында жарық көрді. Réf : www.widespread-idioms.uni-trier.de;

2009 ж. - қазіргі уақытқа дейін "ESFAM" (Болгария) Халықаралық Бағдарламасының тұрақты үйлестірушісі: магистратураға түсу, біліктілігі: "экономика магистрі" бейіні бойынша – ref.- <http://www.bulgaria-france.net/>. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Филология факультеті 40 астам түлектер мен Алматы қ., Қостанай, қала-ларының де София қаласындағы басқару және менеджмент мамандықтар бойынша Франко-фония Институтының Жоғары Мектебін «ESFAM» сәтті бітіріп, Қазақстанда дипломда-рына сәйкес жұмыс жасайды;

2011 ж. - халықаралық коллоквиум ғылыми Комитетінің мүшесі және модератор (Гранада, Испания), сондай-ақ 2017ж осы лауазымдарда - Стамбул қ. (Түркия) Техникалық университетінде. Францияда, Испанияда, Флоренцияда Венгрияда, Румынияда, Ресейде және Қазақстанда 60-тан астам форумдар, конгресстер, коллоквиумдар материалдарының жинақтарында француз тіліндегі ғылыми баяндамалар жарияланды: **17.09.2016 ж.** - "Gestion des ressources et gouvernance" Халықаралық экономикалық коллоквиумда ғылыми комите-тінің мүшесі, баяндама тақырыбы.: «La culture du Kazakhstan et son impact sur les politiques d'environnement ». Roumanie, Université Titu Maiorescu. Экономистер осы баяндама туралы өте жақсы пікірлерімен бөлісіті;

17.08.2017 ж. - "Болашақ энергиясы: Әйелдер, бизнес және жаһандық экономика" жобасының мүшесі, Астана қ., www.expoandwomen, пленарлық сессиядағы ғылыми баяндаманың тақырыбы: "Мәдениет тұрақты даму факторы ретінде";

21-23.09.2017 ж. - Халықаралық конференцияға «Соғыссыз әлем, Жібек жолындағы кездесу» атты сарапшы ретінде. М.М. Әуезов шақыруы бойынша Алматы қаласына ғылыми іс-сапар.

2017-2018 ж. - желтоқсан- қантар айларында Эрасмус+бағдарламасы аясында ВАЛАНСЬЕН-ЭНО-КАМБРЕЗИ университетінде (Франция) студенттер мен магистрант-тарға) -француз тілінде 15 сағат дәріс оқу;

2018 ж. – Мемлекеттік бағдарламасы "Қазақ тіліндегі 100 классикалық туындыны шет тілдеріне аудару» аясында қазақ тілінен француз тіліне 2 әдеби шығарманың аудармасы: Уәлихан Ысқақ "Қоңыр күз еді", және Асқар Сүлейменов "Қара шал" .

2019 ж. - Тұңғыш Президентінің "Рухани жаңғыру"атты мақаласын қазақ және орыс тілдерінен француз тіліне аудару;

2020 ж. - Абайдың 175 жылдығына байланысты ЕҰУ іс-шараларына қатысу: телеар-наларға (КазИнформБюро, Қазмедиа радиосы Егемен Қазақстан газетіне қаз. және орыс тілінде сұхбат беру. Егемен КЗ газетіне қазақ тілінде мақала жазу., Абай «Қара сөздер» француз тіліндегі шығармасынан үзіндіні әлеуметтік желіде оқу.

"Нұр Отан" партиясының тұрақты мүшесі, Француз Альянсы жанындағы француз тілі оқытушылары қауымдастығының мүшесі.

Кітап аудармалары

1. Абай "Қара сөздер", "Білім" баспасы, Алматы, 2001, рег. 2005 жылғы 27 шілдедегі № 166 қаулысы (бірлескен авторлықта).

2. Қазақ халық ертегілері: "Ер Төстік.", изд.: "Ақарман-медиа", Астана, 2010 ж., 72 пл. – (цветн. иллюстр.). рег. 2010 жылғы 13 шілдедегі №1245

3. М. Шаханов. "Тайна, унесенная Чингисханом", изд.: "SAR Béar" Perpignan, 2005, (Франция), (орыс тілінен француз тіліндегі аудармасы) рег. 2005 жылғы 29 маусымдағы № 137 (бірлескен авторлықта).

4. "Қазақ халқының мәдениеті туралы антология: тарих, әдебиет және өнер" кітабы, социология ғылымдарының докторы Ванда Дресслермен (Франция) бірлесіп дайындалған кітап. 380бет. Париж қаласындағы "CARACTERE" баспасына тапсырылды.

Марапаттаулар мен көтермелеулер

2002 ж. - ҚР Білім Министрлігінің Құрмет грамотасы

2006 ж. - ҚР БҒМ Мемлекеттік гранты: " ЖОО Үздік оқытушысы" 2006 ж;

2008 ж. - Диплом және Күлтегін медалі – « ЕҰУ Мақтанышы»;

2010 ж. - "Болашақ" Халықаралық Президенттік бағдарламасының Мемлекеттік Гранты»;

2010 ж. - ҚР-дағы Франция Елшілігі: сертификат және ордені: Академиялық Пальма Шевалье атағы ордені: Қазақстан мен Франция арасындағы ғылыми және мәдени қатынас-тарды дамытуға қосқан үлесі үшін;

2012 ж. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультетінің 50 жылдығына орай «Құрмет грамотасы»;

2016 ж. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті: «ЕҰУ-нің 20 жылдығына» орай «Құрмет грамотасы».



Содержание

Құттықтау.....	3
СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И СОДЕРЖАНИЕ ИНОЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ	
<i>А.А. Адылханова</i> МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ В ШКОЛЕ С КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ.....	7
<i>Г.Д. Баубекова, К.Н. Булатбаева</i> ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ МОЛОДЕЖИ НА ОСНОВЕ ФОЛЬКЛОРА КАЗАХСКОГО НАРОДА	11
<i>A.S. Vervein, N.Z. Zhumanbekova</i> NATIONAL SOCIO-CULTURAL STEREOTYPES OF SPEECH COMMUNICATION.....	17
<i>Гладко М.А.</i> ТЕМАТИЧЕСКИЕ ДОМИНАНТЫ В МЕДИАДИСКУРСЕ БЕЛАРУСИ.....	21
<i>Ерланов Е.Е.</i> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТАРИХИ СИПАТЫ.....	26
<i>Исабекова С.З.</i> АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ И ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ К ИНОЯЗЫЧНОМУ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ОБЩЕНИЮ В КОНТЕКСТЕ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»	32
<i>Отызбаева К.Ж., Дюсенгалиева А.А., Загоруля О.Л.</i> ВЛИЯНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА РЕЧЬ СОВРЕМЕННОГО ПОДРОСТКА.....	39
ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА	
<i>A.B. Yertostikova, A.E. Bizhkenova</i> POETISCHER DISKURS DER FRÜHEN LYRIK VON A.A. ASHMATOVA.....	45
<i>Жабигенова Г.С.</i> ЛИЧНОСТНЫЙ СМЫСЛ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ КУНАНБАЕВА «СЛОВА НАЗИДАНИЯ» И МИШЕЛЯ МОНТЕНЯ «ОПЫТЫ».....	51
<i>Искандерова А. Н</i> ПРИНЦИПЫ И ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ОРОНИМОВ.....	58
<i>Каримова Н.Б.</i> О ТАЛАНТЕ ТВОРЦА.....	62

Кинжагалиева К.У, Нуркенова С.С.	
СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР.....	65
Мырзалы М.Б., Сарсикеева Г.К.	
АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕР» ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТРАКТАТЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ.....	70
Ниязбекова Г.М., Сарсикеева Г.К.	
“THE EFFECT OF LIFE” AS AN IMPLEMENTER OF THE AESTHETIC FUNCTION IN LITERATURE.....	77
Сапабеков С.М.	
ПОСТМОДЕРНИСТСКАЯ ПРОЗА В ЛИТЕРАТУРЕ КАЗАХСТАНА	83
Спиглазова Г.И	
L’ENSEIGNEMENT DU FRANCAIS LANGUE ETRANGERE EN QUATRIEME ANNEE D’ETUDE.....	88
Шишковский С.А.	
К ВОПРОСУ О ПОДХОДАХ К ИЗУЧЕНИЮ ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТИ.....	92
ВОПРОСЫ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ	
Байгужина Ж.К	
ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ.....	99
Боранбаева А.М.	
THE SPECIFICITY OF WRITTEN BUSINESS COMMUNICATION.....	105
Дуйсекова К.К., Кенжигожина К.С.	
К ПРОБЛЕМЕ ПЕРЕВОДИМОСТИ И НЕПЕРЕВОДИМОСТИ (по следам перевода «Қара сөздер» Абая на французский язык).....	108
Ерходжаева М. А	
ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН «АЛМАС ҚЫЛЫШ» РОМАНЫНДАҒЫ РЕАЛИЯНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ	112
Загидуллина А.А.	
СОЦИОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ ТОПОНИМОВ ВО ФРАНЦУЗСКОМ ЯЗЫКЕ.....	118
Кадырбаева А.С	
ЗАИМСТВОВАНИЯ ВО ФРАНЦУЗСКОМ ЯЗЫКЕ: ПРОЦЕСС ОБОГАЩЕНИЯ ИЛИ АССИМИЛЯЦИИ ЯЗЫКА?.....	123
Қоңқабаева А.Т.	
КІДІРІСТІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	128
Оспанова Ж.Т., Толыбаева К.К.	
ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МЕТАФОРИЧЕСКОГО ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ.....	135

КІДІРІСТІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қоңқабаева А.Т.,

PhD, Сарсикеева Гульнар Кусайеновна, ғылыми жетекші

Лев Николаевич Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

vip_akosh@inbox.ru

gsarsikeieva@gmail.com

Abstract. This article analyses the functional features of pause of address in the Kazakh and English languages by comparison. Pause is analyzed in dialogues, and the values of punctuation marks in texts are studied using experimental material.

Key words: *pause, address, auditive experiment, instrumental experiment.*

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты қазақ және ағылшын тілдеріндегі қаратпа сөздерінің кідірістік функционалдық ерекшеліктерін салғастырмалы түрде зерттеу. Жұмыстың басты жаңалығы қазақ-ағылшын тілдерінде бір тақырыпта, бір жанрда алынған диалог құрылымы суперсегментті фонетика тұрғысынан қарастырылып, екі тілде кідірістің функционалдық сипатына салыстырмалы-салғастырмалы экспериментті-акустикалық (аудиторлық, инструменталды) талдау жасалды.

Қазіргі таңда, кідіріс – дыбыстың акустикалық жағынан тоқтауын, физиология жағынан артикуляцияның шектелуін білдіреді. Қазақ тіл білімінде кідірістің қалыптасуы мен дамуы, тілде өріс алып отырған интонациялық зерттеулерінің дамуының тамыры тереңде жатқанын көрсетіп отыр. [1]

Ағылшын ғалымы Гольдман-Эйслер 1958 жылы кідіріске, әсіресе кідірістің когнитивтік функцияларын қарастырған алғашқы зерттеушілердің бірі болды. Кідіріс нәтижелері ақпараттың көбеюімен және жиі кездесетін сөздермен біріктірілуі, сөйлеуді жоспарлау мен пауза арасындағы байланысты одан әрі баса көрсетеді. Кідіріс ұзақтығы жағдайға және сөйлеушіге байланысты өзгеріп отырады [2]. Кідірістер белгілі бір контексте орын алады, ал контекст туралы айтқанда, біз тек үнсіздік төңірегіндегі сөздерді ғана емес, сонымен бірге кеңірек тілдік және мәдени контекстті де айтамыз. Сонымен қатар, кідірістер біртекті топ болып табылмайды, яғни әр түрлі кіші топтарға бөлінуі мүмкін. Осы орайда қазақ ғалымдары С.Мырзабеков, Ә.Жүнісбеков сөздердің байланысы мен қызметі сөйлемдегі кідірістердің орнына байланысты өзгереді деген пікір білдірді. [3][4]

Сөйлеу кідірісінің функционалдығы тек қана мәтінде фразаны, синтагманы, ырғақты топтарды, сөйлеуді ғана емес, сонымен қатар басқа компоненттермен, оның ішінде әртүрлі мазмұны мен эмоционалдық фразаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі білімінде кідірістің үш түрі бар:

1. Грамматикалық;
2. Логикалық;
3. Психологиялық.

Грамматикалық кідірістер – тыныс белгілеріне байланысты қойылатын кідірістер. Әрбір тыныс белгіге кідіріс өзіндік ерекшелікке ие. Хабарлы сөйлемнің соңында қойылатын нүкте кілт тоқтамай, сөз соңындағы сөз не тіркес баяу созылыңқырай оқытылады. Сол сияқты бастауыштан кейін қойылатын

сызықшаға арнайы тоқталып, кідіріс жасамаса, бастауыштың синтаксистік қызметінің өзгеріп кетуі мүмкін. Мысалы, *Ол – инженер Асыл. Ол инженер – Асыл.* Бірінші сөйлемде ол сөзі бастауыш болса, екінші сөйлемде анықтауыш қызметін атқарып тұр. Қазақ тілі синтаксисінде онға тарта тыныс белгілері бар. Тіліміздегі сөйлемдерді сауатты жазу осы тыныс белгілерін дұрыс қоюға тікелей байланысты. Ал оқу кезінде де осы тыныс белгілерінің жеке-жеке мағыналарын түсініп, дұрыс оқу қажет.

Логикалық кідіріс. Әрбір сөйлемде айтылатын ойға қазық болып, қалған сөздер соған байланысты болып тұратын жеке сөздер, сөз тіркестері бар. Ол сөздер басқа сөз табынан сәл көтеріңкілеу оқылып, тыңдаушы назарын өзіне аударады. Сөйлемдегі негізгі мағына — қай сөзге, қай сөз тіркесіне түсіп тұрғанын дауыс кідірісі арқылы жеткізуге болады. Ал сөйлеу кезінде қай сөзге мағыналық кідіріс жасалатын болса, сол сөз көтеріңкілеу айтылады.

Логикалық кідіріс жасап, логикалық екпінмен оқу үшін сөйлем мағынасын, сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен грамматикалық байланысын таба білудің пайдасы өте маңызды.

Психологиялық кідіріс. Мәтіннің мазмұн-мағынасына, ондағы қатысатын кейіпкердің іс-әрекетіне, оның көңіл-күйінің құбылуына байланысты оқылады. Мәтінге дұрыс психологиялық кідіріс жасалып оқылғанда, тыңдаушы ерекше назар аударып, онан әрі не болатынын тағатсыз күтеді. Кейде шығарма кейіпкерімен қосыла қуанып, қосыла ренжиді. Психологиялық кідіріс мәтін мазмұнына лайықты жасалған жағдайда тыңдаушының алған әсері ұзаққа созылады.

Психологиялық кідірістер кейіпкердің көңіл-күйіне, іс-әрекетіне қарай жасалады. [6]

Қаратпа сөздердегі кідірістерді салғастыра зерттеу барысында эксперимент, яғни аудиторлық және инструменталды (PRAAT) талдау жүргізілді. Осы орайда, М.О.Әуезов "Абай жолы" тетралогиясынан және ағылшын тіліндегі аудармасынан жаппай іріктеу әдісімен эксперименттік үзінділер: 130 диалог іріктеліп алынды. Мақала аясында тек қана 40-қа жуық көрсеткіштік мысалдарды қолданылды. Экспериментке 20 түпнұсқадан және 20 үзінді ағылшын тіліндегі аудармадан алынды. Диалог үзінділерінің мазмұны коммуникативтік жағдаяттардан және де әртүрлі орналасумен қаратпа сөздері бар сөйлемдердің коммуникативтік типтерінен тұрады.

Қаратпа сөздер келесі түрлерді қамтиды:

1. Жалқы есім;
2. Туыстық атау;
3. Эмоционалдық мәнді сөздер;
4. Жан-жануар атаулары;
5. Жер-су атаулары.
6. Одағайлы қаратпа сөздер.

Кідіріс ұзақтылығы (пауза):

- а) қысқа;
- б) ұзақ;

в) орташа.

Салғастыру мақсатында құрылған жазбаша сауалнама бойынша аудиторларға тыңдау (аудирование) кезеңі жүргізілді. Тыңдалымға 2 топ қатысты, әрқайсысы екі бөлек аудиторияларға бөлінді:

- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің 2 курс 13 магистранттары, I топ –түпнұсқада;

- Ополе университетінің Катажина Молек-Козаковская жауапты ағылшын тілінің 13 мұғалімі, II топ - ағылшын тілінде магнитофонға жазылған диалогтан ажыратылып алынған 20 қаратпа сөздері бар әр сөйлем үзінділерін аудиторлар 3 қайтара тыңдауға тиісті.

Сауалнама мазмұнына келесі түрде аудиторлардан жауап алынды:

- Қаратпа сөздердің сөйлемдегі орнын анықтау;
- Қаратпа сөздердің сөйлемдегі коммуникативтік функциясын анықтау;
- Қаратпа сөздердің сөйлемдегі орналасу ретіне байланысты кідіріс ұзақтығын айқындау;

Аудиторлық талдаудың екінші кезеңі: статистикалық өңдеу барысында төмендегідей нәтижелер анықталып, салғастырмалы түрде талдау жүргізіліп, жалпы сипаттама берілді.

Мақала аясында жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес мынадай ең көрсеткіштік сөйлемдерді (әртүрлі жағдаяттардағы 12 сөйлем, оның ішінде әр тіл 6 сөйлемнен) талдап, келесідей түйін жасадық:

Қазақ тіліндегі сөйлемдердегі қаратпа сөздер:

1. Самат аға, мына жерде жан жүйесіне жүйрік адам керек боп қалды! [5,456].

2. Аманы бар ма дейсің, Ғайныш, мына тұр ғой, мінекей, айылын жимас қара ағашың! [5, 7446].

3. Ендеше, Қажеке, уәде қылып қоялық [5,1366].

4. Мен неткен ақымақпын, жаным-ау? [5, 3556].

Көрсетілген мысалдардағы үзінділердегі қаратпа сөздердің мағыналық түрлері әртүрлі:

1. "Самат аға"- туыстық атау.

2. "Ғайныш"-жалқы есім.

3. "Қажеке"- эмоционалдық-мәнді сөз.

4. "жаным-ау"-эмоционалдық-мәнді сөз.

Зерттеу барысында қарастырылған барлық үзінділердегі қаратпа сөздер сөйлемнің басында, ортасында және соңында кездесетіндігі анықталды.

Коммуникативтік функцияларына келетін болсақ, қазақ тілінің үзінділеріндегі әрбір қаратпа сөздерді түрлі сөйлем түрлерінен көруге болады. Жоғарыда көрсетілген мысалдарға сәйкес:

1. Хабарлы;

2. Сұраулы;

3. Лепті сөйлем түрлері анықталды.

Талданған үзінділердегі қаратпа сөздердің кідірістік ерекшеліктеріне сипаттама беру барысында келесідей тұжырым жасалды: қазақ тіліндегі

үзінді-лердің барлығында қаратпа сөздер кездескендіктен, диалогтық үзінділерде кідірістің келесідей түрлері анықталды:

1. "Самат аға"- қысқа.

2. "Ғайныш"-қысқа.

3. "Қажеке"- ұзақ.

4. "жаным-ау"- ұзақ.

Ағылшын тіліндегі сөйлемдергі қаратпа сөздер:

1. Samat Agha, we need the fastest man here!

2. Here is your tree, Gainysh!

3. Then Kazheke let us deal.

4. How fool I am.

1."Samat Agha" қаратпа сөзі ағылшын тілінде мағыналық функциясын сақтайды.

2. "Gainysh" мағыналық сипаты сақталғанымен, қазақ тілінде сөйлемнің ортасында орналасса, ағылшын тілінде сөйлемнің соңында орналасқан.

3."Kazheke" Бұл үзіндідегі қаратпа сөздің мағынасы түпнұсқадағыдай өзгеріссіз.

4. Қаратпа сөздің өзі де, оның мағынасы да реңін жоғалтады.

Үзінділердің көбісінде қаратпа сөздер кездеседі және үзінділерде қаратпа сөздер сөйлемнің басында, ортасында және соңында орналасқан.

Аударма үзінділеріндегі қаратпа сөздердің коммуникативтік функциясы қазақ тіліндегіден ерекшеленбейді.

Қарастырылған үзінділердің үшеуі қаратпа сөз арқылы беріледі. Сол себепті, кідіріс ұзақтығы да осы сөйлемдер бойынша анықталды:

1. Samat agha-қысқа;

2. Gainysh-орташа;

3. Kazheke-ұзақ;

Дикторлардың оқылымында компьютерге жазылған үзінділердің қаратпа сөз ретінде қабылдануына негіз болған белгілер:

1. мәтінде орналасып, өмірге ендірілген тіл, яғни мәтіннің өмірде өзектелендірілуі, мәтіннің жандануы (дыбысталу арқылы);

2. тілдік әрекеттің нәтижесі, ашық коммуникативтік жүйе;

3. құрылымдық-деңгейлік (коммуникативті жағдаят, қатысымдық сөйлеу әрекеті, айтылымдар тізбегі);

4. функционалды қызметі (тілдік, рөлдік, тақырып (топик), интонация);

5. әлеуметтік, экстралингвистикалық мәні бар;

Алдағы уақытта осындай деректер түсінікті болу үшін интонациялық параметрлердің өлшем бірліктерінің интонограммалық көрінісі төмендегідей үлгілермен беріліп отыр.

Кідірістің сөйлемдегі бірлікаралық өлшемі интонограммадағы ентаңбаларды 10 мсек – қа көбейту арқылы анықталып, сонымен қатар кідірістің қысқа, орташа, ұзақ түрлері ажыратылады.


Кесте №1. Диктемалардың мағыналық жіктер аралығындағы кідірістер көрінісі (қазақ-ағылшын тілдерінде)

Диктемалар реті		Диктемалар жігіндегі кідіріс көрінісі (мсек)	
А соңы- Ә басы		I топ	II топ
А	Самат аға, мына жерде жан жүйесіне жүйрік адам керек боп қалды! <i>Samat Agha, we need the fastest man here.</i>	96	83
Ә	Ендеше, Қажеке, уәде қылып қоялық. <i>Then Kazheke let us deal.</i>		


Кесте №2. Диктемалардың мағыналық жіктер аралығындағы кідірістер көрінісі (қазақ – ағылшын тілдерінде)

Диктемалар реті		Диктемалар жігіндегі кідіріс көрінісі (мсек)	
Ә соңы- Б басы		I топ	II топ
А	Аманы бар ма дейсің, Ғайныш, мына тұр ғой, мінекей, айылын жимас қара ағашың! <i>Here is your tree, Gainysh!</i>	100	92
Ә	Мен неткен ақымақпын, жаным-ау? <i>How fool I am.</i>		


Сурет 1 – Бірінші топ оқылымындағы А диктемасының басы - Самат аға, мына жерде жан жүйесіне жүйрік адам керек боп қалды!




Сурет 2 – Екінші топ оқылымындағы А диктемасының басы- Samat Agha, we need the fastest man here.




Сурет 3 – Бірінші топ оқылымындағы А диктемасының басы - *Аманы бар ма дейсің, Ғайныш, мына тұр ғой, мінекей, айылын жимас қара ағашың!*




Сурет 4 – Екінші топ оқылымындағы А диктемасының басы - *Here is your tree, Gainysh!*




Сурет 5 – Бірінші топ оқылымындағы А диктемасының басы - *Ендеше, Қажеке, уәде қылып қоялық!*




Сурет 6 – Екінші топ оқылымындағы А диктемасының басы - *Then Kazheke let's deal.*



Сурет 7 – Бірінші топ оқылымындағы А диктемасының басы - *Мен неткен ақымақпын, жаным-ау?*



Сурет 8 – Екінші топ оқылымындағы А диктемасының басы- *How fool I am?*



Барлық алынған нәтижелер бойынша төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1) Қазақ тіліндегі түпнұсқа мен ағылшын тіліндегі аудармада кездесетін қаратпа сөздердің орналасу орны және коммуникативтік функциялары ұқсас;

2) Зерттеу барысында қазақ және ағылшын тіліндегі үзінділерде кідіріс ұзақтылығында айырмашылықтар байқалады, яғни аудармада кейбір қаратпа сөздер мағынасын жоғалтады;

3) диалогтық үзінділерді макроқұрылымдық деңгейде бірнеше микроқұрылымдық (микротақырып) мүшелеуге болады;

4) диктеманың басталуы (жаңа бір ойдың басталуы) мен аяқталу шекарасы (белгілі бір ойдың басталуы, өрбуі, қорытынды жасау) мағыналық тұстан кідіріс қызметі арқылы ажыратылады;

5) талдауға алынған диалог материалдары коммуникативтік тұрғыдан қарастырылғандықтан, диалог диктемаларының барлығы бірдей қарқыны жылдам, төменгі тонмен айтылуы мүмкін емес.

Жалпы салыстырылып-салғастырылып отырған қазақ-ағылшын тілдеріндегі диалогтық үзінділердің макро-микроқұрылымының байланыс-тарын сипаттау экспериментік нақты дәйектер арқылы ашылатыны анықталды. Осындай деректерді нақтылау мақсатында аудиторлық және инструменталды-фонетикалық эксперимент жүргізілді. Эксперимент барысында екі тілде де риторикалық құрылым теориясы тұрғысынан диалогтардағы диктемалар байланысы көрсетіліп, олардың сызба түріндегі нұсқасы жасалды. Диктемалар 4 аспектісі бойынша ішінара талданды.

Сондай-ақ кідірістің диалогтық үзінділердегі нақты қызметі, интонациялық суперсегментті құралдар айқындалды. Бұл жоғарыда атап өткен интонация функцияларының қызметі мен оның компоненті-кідіріс арқылы жүзеге асатыны белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сарсикеева Г.К. АКД "Функциональный анализ паузы". Алматы.1979, - 28 б.
2. Goldman-Eisler, F (1968). Psycholinguistics: Experiments in spontaneous speech. London: Academic Press.
3. Мырзабеков С.Н. "Қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі дистрибуциялық пен функционалдылық." ДДА. А., 1998
4. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б
5. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. Абай. Алматы: Жазушы баспасы, 1989. – 608 б.
6. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі қысқаша курсы. Алматы, 1994. – 320 б.

**ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ
МЕТАФОРИЧЕСКОГО ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ
ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ**

Оспанова Ж.Т., Толыбаева К.К.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

г. Нур-Султан, Казахстан

zhanna19@list.ru, tolybaeva-karima@mail.ru

Аңдатпа. Мақала шындықты метафоралық концептуализациялау процесінде лингвомәдениеттану аспектісін зерттеуге, атап айтқанда, *алаң* лексемасымен қазақ тілінде берілген физикалық кеңістікке арналған. Авторлар қазақ тілінің Алматы корпусынан мысалдар келтіріп, зерттелген лексеманың әлеуетін және оның әр түрлі метафоралық проекцияларға қатысуын көрсетеді.

Abstract. The article is devoted to the study of the linguoculturological aspect in the process of metaphorical conceptualization of reality, in particular, the physical space represented in the Kazakh language by the lexeme *alan* (*алаң*). The authors give examples from the Almaty corpus of the Kazakh language, demonstrating the potential of the studied lexeme and its participation in various metaphorical projections.

Согласно когнитивной теории метафоры, в основе метафоризации лежит взаимодействие двух когнитивных структур: области источника («source domain») и области цели («target domain») [1, с. 9], где под первой имеются в виду когнитивные структуры или конкретное знание, известное нам в определенных терминах и полученное нами в процессе опыта взаимодействия с окружающим миром, а под второй – когнитивные структуры или менее известное и конкретное знание. Понимание одной области сквозь призму другой, т.е. метафорические проекции из области источника в области цели, принято называть концептуальными метафорами или метафорическими моделями.

В процессе метафорического переосмысления действительности появляются различные метафорические модели, среди которых приоритетными, по утверждению В.А. Масловой и М.В. Пименовой [2, с. 36], являются пространственные (ориентационные), временные и культурные.